# МУХИТ ТУРАЛЫ ӘН

Сөзі: Б.Тәжібаев

Әні: Е.Хасанғалиев




1.Шығаннан шықса даусы асқақтаған.
Ол жоқта елі тойды бастатпаған.
Әнімен әйгі болған "ағаң Мұхит"
Кетіпті бір белгісін тастап маған.

2.Мұхитын тыңдағандар қас қақпаған,
Таңырқап үлкені мен жас мақтаған.
Айтулы әні болған "Айнамкөздің"
Әуені аспанымда асқақтаған.